АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ӘЙТЕКЕ БИ АУДАНЫ АҚТАСТЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІ ӨКІМ	АКИМ АКТАСТИНСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА АЙТЕКЕБИЙСКОГО РАЙОНА АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ РАСПОРЯЖЕНИЕ
Әйтеке би ауданы, Ақтасты ауылы	Айтекебийский район, село Актасты

15 қаңтар 2026 жыл **№ 9** **15 января 2026 года**

Мемлекеттік сатып алуды (тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) бір көзден сатып алу тәсілімен жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35 бабын және Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 01 шілдедегі №106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16 бабына сәйкес **ӨКІМ ЕТЕМІН:**

1. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-баптың 3-тармағының 28-тармақшасы бойынша Шартты тікелей жасау арқылы бір көзден алу тәсілімен Көшелерді жарықтандыруға техникалық қызмет көрсету қызметтеріне мемлекеттік сатып алу ұйымдастырылсын.

2. Әлеуетті өтінім беруші «Энергосистема» ЖШС болып танылсын.

3.Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты Әйтеке би ауданының «Ақтасты ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-нің бас маманы Өтеибек Аибек Қуандықұлы мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы сатып алынатын тауарлар, жұмыстар және қызметтер нарығын талдау нәтижелері бойынша айқындалған өнім берушіге шақыру жіберу, Көшелерді жарықтандыруға техникалық қызмет көрсету қызметтерін іске асырсын.

4.Шартты тікелей жасау арқылы бір көзден алу туралы шешім қабылдау үшін жауапкершілікті өзіме жүктеймін.

Ақтасты ауылдық округінің әкімі **Д.Қазбай**